

## Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің кейбір бүйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2019 жылғы 7 ақпандағы № 51 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2019 жылғы 9 ақпанда № 18280 болып тіркелді

### БҮЙЫРАМЫН:

1. "Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, пошта операторының пошта төлемі белгілеріне пайдалану тәртібін және пошта операторының пошта төлемі белгілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 61 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14164 болып тіркелген, 2016 жылғы 9 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, пошта операторының пошта төлемі белгілерін пайдалану тәртібін және пошта операторының пошта төлемі белгілеріне қойылатын талаптарда:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Пошта төлем белгілерінің номиналды құнын белгілеген жағдайда, мынадай әріптер пайдаланылады:

"А" - занұнды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының шегінде 20 грамма дейінгі салмақта тіркелмейтін хатты жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"В" - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жер үсті көлігімен 50 грамма дейінгі салмақта тіркелмейтін хатты жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"С" - Қазақстан Республикасының шегінде 50 грамма дейінгі салмақта арнаулы хатты жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"Н" - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жер үсті көлігімен 10 грамма дейінгі салмақта тіркелмейтін пошталық карточканы жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"М" - Қазақстан Республикасы шегінде жер үсті көлігімен салмағы 10 грамма дейінгі арнаулы пошталық карточканы жіберу тарифіне сәйкес келеді".

2. "Пошта төлемінің мемлекеттік белгілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 3 сәуірдегі №119 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 15055 болып тіркелген, 2017 жылғы 27 сәуірде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Пошта төлемінің мемлекеттік белгілеріне қойылатын талаптарда:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Пошта маркаларының, блоктардың, маркіленген хат қалталардың және (немесе) пошта карточкаларының номиналды құнын белгілеген жағдайда, мынадай латын әріптері пайдаланылады:

"А" - занды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының шегінде- 20 грамға дейінгі салмақта тіркелмейтін хатты жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"В" - Қазақстан Республикасының шегінен тыс елдерге жер үсті көлігімен 50 грамға дейінгі салмақта тіркелмейтін хатты жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"С" - Қазақстан Республикасының шегінде 50 грамға дейінгі салмақта арнаулы хатты жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"Н" - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жер үсті көлігімен 10 грамға дейінгі салмақта тіркелмейтін пошталық карточканы жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"М" - Қазақстан Республикасы шегінде жер үсті көлігімен салмағы 10 грамға дейінгі арнаулы пошталық карточканы жіберу тарифіне сәйкес келеді."

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс саласындағы мемлекеттік саясат және инфрақұрылым департаменті заңнамамен белгіленген тәртіpte:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК